



## KÖNE TÜRKİLİK ӘДЕБИЕТ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ӘДЕБИ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

*Sävle ERJANOVA\**

### Түйіндеме

«Көне түркілік әдебиет дәстүрі және әдеби көркемдік шешім» деп аталатын мақалада руникалық жазбалардың мазмұны, сюжеті, әдеби-көркемдік шешімі ретіндегі әдебиеттің бастау бұлағындағы халықтық мұраны қайта қарап, зерделеу, ой елегінен өткізу болып табылады. Өйткені ол мәңгілік рухани, мәдени мұра. Ертеде көне түркі жазбаларының Европада маңызы өте зор болған. Оны кәнігі әдебиетші-ғалымдар әлдеқашан мойындаған. Сол ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып көне жырлардың шығу тегіне талдау жасайды.

**Кілт Сөздер:** Көне түркі, Әдебиет, Әдебиет дәстүрі, Көркем, Ескерткіш.

## ESKİ TÜRKLERDE EDEBİYAT GELENEĞİ VE EDEBÎ GÖSTERİŞİNİN TAHLİLİ

### Özet

"Eski Türklerde Edebiyat Geleneği ve Edebî Gösterişinin Tahlili" adlı makalede eski yazılı abidelerin içeriği, konusu, edebî gösterişinin tahlili penceresinden edebiyatın çıkış kaynağındaki halk mirasının tekrar ele alınıp, değerlendirilip düşünce süzgecinden geçirilmesi anlatılmaktadır. Bu miras; sonsuz, manevi, kültürel bir mirastır. Eski dönemlerde eski yazılı Türk abidelerine Avrupa'da çok büyük önem verilmiştir. Bu durumu edebiyatçılar ve bilim adamları her zaman kabul etmektedir. Bu bilimsel düşünceler esasında eski yırların çıkış kökeni hakkında değerlendirmeler yapılmıştır.

**Anahtar Kelimeler:** Eski Türk, Edebiyat, Edebiyat Geleneği, Gösteriş, Abide.

## AN ANALYSIS OF LITERARY TRADITION AND LITERARY REPRESENTATION AMONG ANCIENT TUSKISH PEOPLE

### Abstract

In the article titled "The Tradition of Ancient Turkic Literature and Literary Art" plot of the contents of the article, runic inscriptions, as a solution to the plot, literary and artistic literature source is to reconsider the national heritage. Because this is an eternal, spiritual and cultural heritage. In ancient times, ancient records were of great importance in Europe. Current writers and scholars have long recognized this. Based on these scientific conclusions, he analyzes the origins of ancient poetry.

**Key Words:** Old Turkic, Literature, Literature Tradition, Show, Monument.

Руникалық жазбаларының мазмұны, сюжеті, әдеби-көркемдік шешімі туралы айтқанда Ғұбайдолла Айдаровтың: «Руна ескерткіштері қатарына VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың бас кезіндегі Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған (Могилян), Күлтегін, Тонуқұқ, Мойын чор, Суджа және т.б. ескерткіштер жатады» деген [Айдаров, 1966: 9].

\* Prof. Dr., Kazak Devlet Kız Pedagoji Üniversitesi, Almatı-KAZAKİSTAN, el-mek: esb72@mail.ru

Енді төменде сол руникалық ескерткіштерінің кейбіреулеріне оның ішінде руникалық жазбаларының мазмұны, сюжеті, әдеби-көркемдік шешіміне тоқталып өтелік.

**Солардың бірі - Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші.** Жазба нұсқа Орхон ескерткіштерінің ішіндегі ең көне ескерткіштердің бірі. Мұнда екінші түркі қағанатын қалпына келтірген Елтеріс (Құтлығ) қаған мен оның әйелі Ілбіге қатын жөнінде.

Моңғолияның Өвөрханғай аймағы, Уянга сұмынының орталығының оңтүстік-шығысында 17 шақырым Маньт-бүрд тауының солтүстік етегінде орналасқан. Аймақ орталығы Арвайхээр қаласынан 30 шақырым. Уянга сұмынының жанынан шығысқа қарай Таримал өзені ағады. Оған кішкентай Маньт бұлағы келіп құяды. Маньт бұлағы мен кешеннің арасы 300 м. Онгин кешені мен Таримал өзенінің арасы 5 шақырым. Таримал өзені атақты Онгин дариясына құяды. Зерттеушілер бұл кешенді осы өзеннің атымен «Онгин ескерткіші» деп атаған. Ал, Фин-угор қоғамының зерттеуші, саяхатшылары Таримал өзенінің атымен «Тарималийн хушо» (Таримал ескерткіші) деп атаған. Орыс ғалымы П.К.Козлов «Тараэлэн хушо» («Тарималийн хөшө» дегеннің бұрмаланған түрі) деп жазған.

Кешенді ең алғаш Н.М. Ядринцев 1891 жылы тауып, ұстындағы мәтіннен эстампаж алып, бірнеше мүсінтастарды фотоға түсіріп В.В.Радловтың қолына берген. Онгин ескерткіші мәтінінің ұзын-ырғасы төмендегідей [Стеблева, 1965: 110]:

1. Ұлы бабасы Бұмынның төңіректің төрт бұрышын өзіне қаратып хандық құрғаны, одан кейінгі замандарда хандықтан айырылып, халықтың төрт құбылаға шашылып кеткені, елсіз, төрсіз болғаны, халықтың жүдеп-жадап, кедейшілікке ұрынғаны, алып ұлдары тас балбалға айналғаны сөз етіледі.

2. Ақыры жоғарыдан ұлы Тәңірінің жарылқауымен ел болғандығын айта келіп, Құтлуғ Елтеріс Қапаған қағанмен билігін іске асыру үшін өмірге келгенін мәлімдейді.

3. Ел-етміш-явғудың ұлдары Ышбара Тамған-чор явғу,оның інісі билік құрған (Білге) Ышбара Тамған тархан ұрпақтары 65 атаға жеткенін, өздерін сол бір атаның ұрпақтары екенін баяндайды.

4. Кешен иесі Теңіркен Баға-Тархан Қытайдың солтүтігінде мекендейтін Оғыз ішіндегі Жеті ерендер жауласқан кезде соларды бағындырып, Түрік қағанатының қол астында ұстап, ел еткендігі үшін қағаннаттың сол қанат басшысына тағайындалып, әкімшіліктік шен «шад» лауазымын алғаны жайында дерек береді.

5. Осылайша бағы өсіп тұрған заманда тоғыз оғыздың бегі қағанатқа қарсы шығып жауласады. Сонда бұл кешен иесі тоғыз оғыздар жағына шығады. Осылай беделден айырылады. Елде бүлік етек алады. Бектер өзара жауласады (Бұл арада Қапаған өлген соң оның ұлдары мен Күлтегін арасындағы оқиғаны меңзейді).

6. Осылайша ел бүлініп тұрғанда бұрынғы райынан қайтып,Білге қағанды ойлап, алаңдап, оған қызмет етуге бел байлап, қарсы болғандардың ебтеріне (күрендеріне) шабуыл жасап, бетін бері қаратады.

7. Өзінің қандас, ет жақын інілеріне, бауыр-балаларына Елтеріс қағанның аруағы алдында адал болу керектігін айтып, Білге қағанды жақтап, соны қолдап, түрік тағын аман алып қалу парыз екенін дәлелдеп, ақыл-кеңес беріп үгіттейді. Сөйтіп Білге қағанға қызмет еткенін, жоғалтқан атақ-даңқына қайта ие болғанын сөз етеді.

8. Оның ұлу жылының шілде айында қайтыс болғанын хабарлай отырып, киелі кешенін орнатуды мойнына алып, қазына-мүлкіне ие болғанын мәтін жазып отырған ұлының атынан мәлімдейді. В.Маслова өзінің «Введение в лингвокультурологию» деген еңбегінде де осылай тұжырымға келген. Кешен кімге арналған? Оның аты кім? Міне осы

сұрақ ғасырдан астам уақыт ғалымдары сенделтіп келді. В.В. Радлов, С.Е. Малов Елтеріс қаған кешені деп таныса, А.Н. Бернштам Қапаған қағандікі дегенді айтты. Г.Клосон Алп Элетміш кешені деп дәлелдейді, В.Войтов Онгин мәтініндегі Алп-Элетміш қытай жылнамаларына Дусифу деген атпен белгілі болған қайраткердің түрікше аты дегенді айтады. Оның пікірінше бұл екі есім бір-ақ адам, Дусифу (Дуси-бег) – Елтеріс қағанның ортаншы інісі. Түрік қағанатының төлес қанатының басшысына тағайындалғандықтан «явгу» лауазымын алған. Ескерткіштегі кешен иесінің өмір жолы тым күрделі болғандықтан, мәтін мағынасы да тым күрделі. Шешімін бірден тап басып тауып айту өте қиын. Десе де мен В.В. Радлов, С.Е. Малов, Г. Клосон сияқты әйгілі түріктанушы ғалымдардың пікірлері өте орынды.

Өйткені:

1.Елді ел етуші басшы әр қағанатта бірнеше адам болғанымен, оның біреуі ғана «ел қағаны» болады. Бірінші түрік қағанатында Бұмын қаған ғана «Ел» сөзін қосып атаған. Бұмыннан басқа Істемі, Мұхан, Таспар, Хелилердің біреуінде ондай лауазым болмаған, әрі болуға да тиісті емес еді. Екінші, Түрік қағанытында Құлұғ-явғуға «Елтеріс», Біріккен түрік қағанытында Тур-айынға «Ел етміш» лауазымы берілген. Байырғы түрік қағанатты алғаш орнатушыға ғана «Ел» сөзі қосылған лауазым берген. Дусифу (қыт.) Елтеріс Құтлығқа көмекші болғаны болмаса, қағанатты орнатушы, елді ел етуші емес.

2.Онгин мәтінінің 4-жолындағы сөйлем «Ел-етміш явғудың ұрпақтары Ышбара Тамған Тархан, Ышбара Тамған чур явғу, оның інісі Білге Ышбара-Тархан ел билегендер еді, олардың кіндігінен тарағандар барлығы 65 атаға жеткен. Осы екі атаның баласы едік дегенді» мәтінде қадап көрсеткен.

3.Мәтінде (5-жол) «ganum baуа tenirken - Әкем Баға Теңіркен» деп тасқа қашап қалдырған. Онымен қатар қағанатпен жауласқан Оғыз ішіндегі Жеті-ерен (жеті-ру) тайпасын бағындырғандығы үшін, әрі оны түрік қол астында ел етіп ұстағандығы үшін әкімшіліктік «шад» лауазымы берілген. Сөйтіп оның толық атақ-лауазым – «Баға Теңіркен шад». Міне, киелі орын осы адамға арналып қойылған.

4.Ескерткіш ұстынның жоғарғы жағындағы ашина түріктердің рәмізі болған «серке» таңбасы және ұстынды тасбақаның бейнесі қашалған іргетасқа қондырып отырғызған ерекшеліктері Баға Теңіркен шадтың қаған тұқымынан шыққан адам екендігіне дәлел бола алады. Онымен қатар жоғарыдағы Ел-етміш Явғудың ұрпақтары болғандығы туралы мәлімет Баға Теңіркен шадтың қаған тұқымының ақсүйектер әулетінен екендігіне қосымша дәлел. Бұл арадағы Ел-етміш явғу отырғаны қайраткер Бұмын-қаған болуы мүмкін.

Ел-етміш явғу кім? Жоғарыда айтқанымыздай, 716 жылға дейін түрік қағанатында «Ел»лауазымы Құлұғ явғу, Бұмын қаған екеуіне ғана берілген. Қытай жылнамасының 84 бума, 49-баянында «Ел-қаған Бұмын» деп белгілеген. Демек түрік ішінде бұл лауазымды «Ел-етміш қаған Бұмын» деп атаған болу керек. Осы Ел-етміш (Бұмын) қағанның екі ұлынан тараған ұрпақтар Баға Теңіркен шадтың заманында 65 атаға жеткендігін Онгин ұстынына жазғанын жоғарыда айттық. Бұл аталардың үрім-бұтақтары екінші Түрік қағанатын орнатушы Құлұғ Елтеріс қаған, оның інілері Қапаған(Мочжо-Бөгу-чор), Дусифу явғулар. Қапаған тоғыз-оғыздың байырқулықтарына қапияда басын алдырғаннан кейін қағанат ішінде тақ таласының бүліншілігі басталды. Қапағанның үлкен ұлы Тоңа-тегін ( Tung-o teie) Бесбалықта мерт болып, кіші ұлы Инелі ( Fu-ku) қаған хан тағына ие болу үшін күреседі. Ел екіге бөлініп, қағанат қақ жарылады. Бір жағында Инелі –қаған, екінші жағында Құлтегін. Міне, осы кездегі бүліншілікті Онгин ұстынында «buzuunca – бүліншілік» деп атаған. Жеті-ерендерді (жеті-ру)басқарып тұрған Баға Теңіркен шад алғашында толқып, қай жағын қолдарын білмей қатты қиналған. Жаңылысқан да болар, ол арасы мәтінде айқын емес. Дей тұрғанмен, Онгин жазуының

10-жолында «ekin ara ja uu bolmys – бектер өзара жауласты» - деп жаза отырып, бұларға араласпайтынын мәлімдейді. Сөйтіп тұрып, Білге қағанға алаң болып тұрғанын жасырмайды. Күш Күлтегін жағына ауып, Білге қағанның беделі жүріп тұрғандықтан, әрі түрік тағын аман сақтап қалу үшін соңынан Күлтегін, Білге қағандар жағына шығуға шешім қабылдайды. Ол туралы Онгин мәтінінің 10-жолында анық жазылған. Онда: «Біз кезінде Елтеріс қағаннан бөлінбеген едік, теріс бұрылмаған едік» - деп аруақты еске ала отырып, «...Білге қағаннан бөлінбейік, азбайық» - деп туған-туыс, аға-бауыр, ұлдарына ақыл-кеңес беріп, Білге қағанға қызмет ететінін, әрі күш-қуатын арнайтынын жазып қалдырған. Сондықтан да Ел-етміш Бумын қағанды еске алып, оның екі ұлы Ышбара Тамған Тархан-чор, явғу Ышбара Тамған-тархандардан тараған, қаны бір, жаны бір ұрпақтар екенін айтып, ынтымаққа шақырады. Ол аз десеніз, кешенге қойылатын бірінші балбал кешен иесінің қолымен өлтірілген аруақтың мүсіні болуға тиісті еді. Алайда осы дәстүр бұл жерде бұзылған. Баға Теңіркен шадқа арналған Онгин киелі кешенінің бірінші балбалына Ел-етміш Бумынның кіндігінен тараған ұрпақ, екі Ышбара Тарханның балбалы шаншылған. Бұнысы бір жатырдың ұрпағы бір-біріңе қанжар жұмсап шабуылдап ұлы бабаларың «қос Ышбара Тарханды екінші рет өлтірдіңдер» дегенді айтып тұрғандай.

Баға Теңіркен шад ұлу жылы өлген. Жылдығына дейін киелі орынды (байырғы түрікші – жоуа) орнатуға тиісті. Ол 716, 728 жылғы ұлу жылдарына дөп келеді. Мәтіннің Баға Теңіркен шад Елтеріс Құлтұғ пен Қапаған қағандарға қызмет ету үшін өмірге келгендігін мәлімдей отырып, Білге қағанға күш-қуатын беруге келіскенін анық жазып қалдырған. Олай болса Білге қағанға еңбек етіп үлгірсе де, көңіл көншітіндей қызмет ете алмаған сияқты. Юілге қағанның хан тағына отырған жылы 716-жыл. Кешен иесі Баға Теңіркен шад осы жылы қайтыс болған. Сондықтан да Білге қағанға байланысты мәлімет жоқтың қасы. Кешенді орнатушы – Баға Теңіркен шадтың ұлы. Демек, оның аты мәтінге түспеген. Баға Теңіркен шад зерттеуші В.В.Войтовтың ұсынып отырған Дусифу явғу (То-сі-фу уабуу) болуы мүмкін [Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет, 1999: 45-50]. В.Войтовтың ұсынысы орынды. Тек қана Алп-Элетміш дегені шындыққа келмейді.

Дусифу явғу, Ел Төресі Құтлұғ қаған мен Қапаған қағанның ұрпақтары Білге қаған, Инелі қағандардың шайқасы кезінде хан тұқымының ішінде ақылшы болуға құқылы жалғыз адам. Тан ұрпақтарын керістірмей, келістіруге тиісті адамның әдепкіде жаңылғаны көрініп тұр. Байырғы түріктердің кешен орнату дәстүрінің кейбір жора-жосынын бұзып, баба балбалын Баға Теңіркен шад кешеніне қойдыруы осыған дәлел бола алады. Онгин кешеніндегі екінші ескерткіш ұстын тағы да осы әулеттің хан тұқымына арналған. Оның дәлелі – ұстын басында тұрған ашина әулетінің символы. Үшінші ескерткіш ұстын – аналық әулет қайраткерінің атына қойылған. Өйткені ол ұстынның ірге тасында жолбарыстың рельефі бар. Жолбарыс- аналық әулеттің символы.

«Мәтіннің 12-жолындағы ең соңғы «Sub jer tenri ot(ledi) – су, жер, тәңірі өтінді» деген сөйлем осы кешен иесіне немесе мәтін жасаушыға байланысты аса бір үлкен құпияның ішке бүгіп тұрғандай» [Келімбетов, 1998: 133].

Ғ.Айдаров: «Орхон ескерткіштері ішіндегі мазмұны мен көлемі жағынан ерекше саналатын көне түркі жазбаларының бірі – Күлтегінге арналған ескерткіш. Күлтегін – Құтлұғ (Ілтеріс) қағанның кіші ұлы. Жазбада тарихи оқиға баяндалады. Онда Шығыс түркі қағанат мен оның құрамына енген көптеген түркі тайпаларының тарихи деректер берілген» [Айдаров, 1966: 44].

Мырзатай Жолдасбеков: «634-635 жылдары Түркі қағанаты (шекарасы Іле өзені болып) Батыс және Шығыс Түркі қағанаты деп бөлінген. Ескерткіштер түргеш-бұлардың бес аймағы, он оқ халқының бір бөлігі еді деген сөз бар». Ендеше олар кейін қазақ халқының құрамына кірген арғын, керей, уақ, алшын, найман одағының жалпы аты болу керек. Түркеш дулаттың бір тайпасы екені анық, оны ғылымдар мойындаған. Бірақ оның

Орхон түріктерімен туыстығы ауызға алынбаған. Ал енді Орхон түріктерінің бір кезде Ілеге қайтып келгендігін еске алсақ, онда олардың қазақ халқының көне тайпаларынан екеніне де көз жетті деп ойлаймыз» [Жолдасбеков, 1967: 34].

Күлтегін ескерткішіндегі жазу екі бөліктен тұрады. Оның бірі - кіші жазу, ал екіншісі –үлкен жазу. Ғылымда олар «Кіші Күл тегін» және «Үлкен Күл тегін» деп аталады.

Орхон жазба жәдігерліктерінің композициялық құрылысының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер сол дәуірдің әдеби дәстүрін байланысы болса керек. Біз әңгіме етіп отырған (Күлтегін ) және (Тоныкөк) жырлары өз заманының белгілі бір әдеби талаптарына сәйкес жазылғаны мәлім.

Немат Келімбет: Тасқа қашап түсірілген бұл жазулардың әрбір руналық жолында, яғни құлыптастағы әрбір қатар жазуды бір емес, бірнеше сөйлем бар. Дәлірек айтсақ, ұзыннан-ұзақ етіп құлыптасқа бедерлеп жазылған руналық бір жол жазудың өзі - бір ғана ойды білдіруге арналған бірнеше сөйлемне, яғни бір топтамаға, циклға қамтылған сөйлемдерден тұрады. Мұнда автордың оқырманға айтпақ болған негізгі ойы әдеттегідей бір сөйлемнен екіншісіне емес, бір циклдан екінші циклға беріліп жатады. Бір цикл көлемі жағынан – руналық жазудың бір жолына шамалас болып келеді» [Келімбетов, 1998: 18].

Егер «Үлкен Күл тегін» Түркі ордасы тарихының негізгі бөлігі болса, «Кіші Күл тегін» жазуды мерзімі жағынан кейін тұрғанына қарамай осы тарихтың кіріспе бөлімі іспеттес. Бұл кіріспе бөлім Көк Түрікке арнай айтылады, кейінгі бөлімде баяндалған тарихтың сабақтары жинақталып, қорытылып, тұжырымдалып айтылады да, келесі сөзді – «Үлкен Күл тегінде» «Ел тұтқысы» («Ел өсиеті») деп атайды.

Ал жоғарыда сөз еткен Білге қаған, Күлтегін, Тоңқуқ жырларын жазған адам кім? Соған келейік. Жырда: «Түрік Білге қағанның еліне арнап жаздырдым. Мен – Білге Тоңқуқ» [Жолдасбеков, 1967: 89]. Және: «Бұл жазуды жаздырған Йоллық тегін» деген сөздер бар. Йоллық тегін–Білге қағанның немересі. «Тегін» деп хан тұқымдарын атаған [Аманжолов, 2003: 66]. Хан ұлдары әкесіне «мен сізге құлмын», яғни бағынамын деген мағынада айтуынан, оларды Күлтегін деп атап кеткен. «Тек», «тегі» сөздері қазақ тілінде бүгінге дейін бар сөз. Йоллық тегін тарихта қаған емес, ақын ретінде аты қалды. Сонымен, бұл жырларды жазған Тоңқуқ, Йоллықтегін болып шығады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

АЙДАРОВ, Ғ. (1966). *Білге қаған ескерткішінің тілі*. Алматы.

АМАНЖОЛОВ, А. (2003). *История и теория древнетюркского письма*. Алматы

ЖОЛДАСБЕКОВ, М. (1967). *Ежелгі әдебиет нұсқалары*. Алматы, Мектеп.

*Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет*. (1999). Алматы, Ана тілі, 362 б.

КЕЛІМБЕТОВ, Н. (1998). *Қазақ әдебиетінің бастаулары. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу*. Алматы: Ана тілі, 256 б.

КӨРОҒЛЫ, Х. (1997). *Историческая поэтика*. Москва, - 406 стр.

СТЕБЛЕВА, И. В. (1965). *Поэзия тюрков V-VIII в.в. н.э.* Автореферат дисс. На соискание ученой степени канд. Филологических наук. -Москва.